

«Тау-Кен» Самұрық» АҚ
Директорлар кеңесінің
2014 жылғы «29» тамызда
шешімімен бекітілген
(хаттама №10/14)

**«ТАУ-КЕН» САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ**

Астана қаласы
2014 жыл

Мазмұны

1.	Жалпы ереже	
1.1.	Белгіленуі	
1.2.	Қолданыс аясы.....	
1.3.	Нормативтік сілтемелер	
1.4.	Терминдер, анықтамалар, белгіленулер және қысқартулар	
1.4.1.	Терминдер мен анықтамалар	
1.4.2.	Белгіленулер мен қысқартулар	
2.	Тәуекелді басқару саясаты	
2.1.	ТБКЖ мақсаты	
2.2.	ТБКЖ міндеттері.....	
2.3.	ТБКЖ қағидаттары	
2.4.	ТБКЖ процестері	7
2.5.	ТБКЖ құрылымы	Ошибка! Закладка не определена.
2.6.	Қоғамның топтарындағы тәуекелдердің жіктелуі.....	

ТБКЖ	«Тау-Кен» Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамының тәуекелді басқару саясаты	2-бет
------	---	-------

1. Жалпы ереже

1.1. Белгіленуі

1. Осы құжат «Тау-Кен» Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамындағы Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің (бұдан әрі - ТБКЖ) мақсаттыра мен қағидатарын сипаттайды, Қоғамдағы және оның еншілес ұйымдарындағы (бұдан әрі – Қоғамның тобы) тәуекелді басқару процесін жүзеге асыру кезіндегі тәуекелді басқару құрылымын, тәуекелді басқарудың негізгі компоненттерін, жүйелі және дәйекті амалдарды анықтайды.

2. Қоғамның тәуекелдерін басқарудың саясатының (бұдан әрі-Саясат) негізгі мақсаты мыналар болып табылады:

1) Қоғамның тобын басқарудың маңызды элементі ретінде тиімді кешенді жүйені құру және тәуекелдерді басқарудың интеграцияланған процесін жасау;

2) Тәуекелдерді басқарудың тәсілдері мен процедураларына бірінғай стандартты тәсіл негізінде Қоғам тобының қызметін тұрақты түрде жітілдіру;

3) Қоғам тобының, ауқымына сәйкесетін қолайлы тәуекелдерді қабылдауды қамтамасыз ету;

3. Саясат мына міндеттерді іске асыруға бағытталған:

1) шешім қабылдау мен жоспарлау процесі үшін толыққанды негіз құру;

2) алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін, уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға, талдауға, мониторингке, бақылауға негізделген тәуекелдерді басқарудың үздіксіз келісілген процесін қамтамасыз ету;

3) ықтимал теріс оқиғалардың алдын алуға және мейлінше азайтуға мүмкіндік беретін басқару жүйесін енгізу және жетілдіру;

4) ресурстарды пайдалану мен бөлудің тиімділігін арттыру;

5) Қордың активтері мен акционерлік капиталын қорғауды қамтамасыз ететін Қор қызметінің тиімділігін арттыру жолымен жоғалтулар мен шығындарды болдырмау;

6) бизнес процестердің тиімділігін, ішкі және сыртқы есептіліктің шынайылығын қамтамасыз ету және заң нормаларын сақтауға ықпалдасу.

4. Осы саясаттың әсері Қоғамның және оның ЕҰ қызметінің барлық түрлеріне таралады. Саясат барлық құрылымдық бөлімшелердің және Қоғам мен ЕҰ барлық қызметкерлерінің танысуы және қолднасы үшін міндетті болып табылады. Функциональтдық міндеттерді жүзеге асыру және алға қойылған мінедеттерді іске асыру кезінде Қоғам тобындағы әрбір қызметкер осы Саясатта жазылған ережелерді басшылыққа алады.

5. Тәуекелдерді басқару жөніндегі есептемелерді ұсыну мен нысанының тәртібін, міндеттерді, функцияларды және тәуекелдердің негізгі түрін басқару процесінде қызметкерлердің жауапкершілігін қоса алғанда, тәуекелдері басқарудың тәсілдерін және процестердің рәсімдерін егжей-тегжейлі

ТБКЖ	«Тау-Кен» Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамының тәуекелді басқару саясаты	3-бет
------	---	-------

сипаттайды, тәуекелдері басқару жөніндегі және тәуекелдерді басқару процесін құрайтын басқа да іс-шаралар Қоғамның тәуекелдерді басқарудың Корпоративті стандартында және Қоғам тобының өзге де ішкі құжаттарында ұсынылған.

6. Қоғамның ЕҰ үшін ерекшелік болып табылатын тәуекелдерді басқару жөніндегі тәсілдер мен процедураларды, тиісті ұйымдардың басқару органдары белгілеуі мүмкін.

7. Қоғамның өзіндік капиталына миноритарлық қатысу үлесі бар ЕҰ менеджменттің тәуекелдер жүйесін дербес енгізеді және корпоративтік басқарудың халықаралық стандартын сақтауды есепке ала отырып, тәуекелдері басқарудың өзіндік саясатын әзірлей алады.

1.2. Нормативтік сілтемелер

8. Осы Стандартта мынадай құжаттарға сілтемелер жасалған:

1) «Тау-Кен» Самұрық» АҚ Басқармасы жанындағы тәуекел бойынша Комитеттің ережесі.

1.3. Терминдер, анықтамалар, белгіленулер және қысқартулар

1.3.1. Терминдер мен анықтамалар

9. Осы құжатта мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

Бизнес-бірлік	– қызметтің міндеттерін немесе түрлерін анықтауға жауап беретін Қоғамның бөлімшелері, сондай-ақ Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдары мен жобалары.
Тәуекел иесі	– белгілі бір тәуекелдерді басқарудың барлық аспектілері үшін, соның ішінде тәуекелдің іске асу мүмкіндігін азайту және/немесе Қорға тәуекелдің іске асуынан келетін ықтимал салдар әсерін азайту үшін жауапты тұлға (қызметкер/құрылымдық бөлімше/алқалы орган).
Қоғамның тобы	– дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында Қоғамға тиесілі қоғам мен оның еншілес ұйымдары
Еншілес ұйым	– дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы Қорға меншік құқығында тиесілі

ТБКЖ	«Тау-Кен» Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамының тәуекелді басқару саясаты	4-бет
------	---	-------

(бұдан әрі – ЕҰ)	заңды тұлға.
Жалғыз акционер	– Қордың Жалғыз акционері, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
Негізгі тәуекел көрсеткіші (НТК)	– бұл қызметтің түрлі салаларындағы тәуекел факторлары өзгеруінің ерте белгілерін білдіретін ерте индикаторлар.
Маңызды тәуекелдер	– тәуекелдер картасының қызыл және қызғылт сары аймағына жататын тәуекелдер (маңызды тәуекелдер)
Қоғам	– «Тау-Кен» Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы
Тәуекел	– іске асқан жағдайда Қордың ұзақмерзімді және қысқа мерзімді мақсаттарға қол жеткізуіне елеулі түрде теріс әсер етуі мүмкін келешектегі ықтимал оқиға (немесе түрлі жағдайлардың тоғысуы).
Аусар тәуекел	– Қор өз мақсаттарына жету барысында өзіне қолайлы санайтын тәуекелдер дәрежесі.
Саясат	– Қоғамның тәуекелді басқару саясаты
Ұстап тұрушы қабілет	– бұл Қоғамның қандай да бір оқиғалары (тәуекелдері) туындаған жағдайда, өзінің қаржылық немесе бәсекелестік ұснамына елеулі шығын әкелмейтін бюджеттен тыс шығындардың мөлшері

1.3.2. Белгіленулер мен қысқартулар

ЕҰ	– Қоғамның еншілес ұйымдары
ТБКЖ	– Қоғамның тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі

ТБКЖ	«Тау-Кен» Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамының тәуекелді басқару саясаты	5-бет
------	---	-------

2. Тәуекелді басқару саясаты

10. Қоғамдағы тәуекелдерді шоғырланған негізде басқару Қоғам тобының барлық деңгейіндегі ТБКЖ енгізу жолымен жүзеге асырылады. ТБКЖ – директорлар кеңесі, басшылық және Қоғамның қызметкерлері жүзеге асыратын процесс, ол стратегияны әзірлеу кезінде басталады және қоғам тобының барлық қызметіне әсер етеді. Ол Қоғам тобы қызметіне ықпал етуі мүмкін оқиғаларды және осы тәуекелді оқиғаларға байланысты және Қоғам мен ЕҰ мақсаттарына жетудің ақылға қонымды кеплідігі болып келетін басқаруды, сондай-ақ Қоғамның тәуекелдер тәбетін арттыруды бақылауды айқындауға бағытталған.

2.1.ТБКЖ мақсаты

11. ТБКЖ негізгі мақсаты, пайда табу мақсатында мүмкіндіктерді барынша пайдалану және Қоғамның Жалғыз акционері мен Қоғам тобының мүдделерін қорғау мақсатында шығындарды болдырмау, сондай-ақ Жалғыз акционердің өзіндік капиталын тиісінше қайтаруды қамтамасыз ету және Қоғамның капиталдануын ұлғайту (өзіндік капиталдың әділ құнын) арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізу болып табылады.

12. Сондай-ақ ТБКЖ өзінің алдына мынадай мақсаттар қояды:

1) Қоғам тобындағы тәуекелдерді анықтауға, бағалауға және басқаруға бірінғай және бірізді тәсілдері әзірлеу мен қолдану, тәуекелдер туралы ақпараттар мен тігінен де және көлденеңінен де алмасу рәсімдерін оңайлату;

2) Қоғам үшін нақты және түсінікті критерилер негізінде Қоғам тобындағы тәуекелдерді басқару сапасын ұсыну бақылау мүмкіндіктерін қалыптастыру;

3) активтерге есеп жүргізу жүйесін, олардың нарықтық құнын және акционерлік капиталдың бағасын құру үшін ақпараттық орталықты қалыптастыру;

4) туындаған тәуекелдік оқиғаларға жедел дем қою, сыртқы және ішкі ортаның өзгерістерін қадағалау;

5) тәуекелдерді басқару жөніндегі мақсатты қызметтерді, оларды тиісті деңгейге дейін төмендеуі немесе үшінші тұлғаларға беру мақсатында ұйымдастыру (сақтандыру, хеджирлеу)

6) Қоғам тобының тәуекелдері туралы ақпараттарды жүйелендіру және одан әрі жинақтау, бизнестің басқарылуын арттыру;

7) Тәуекелдерді басқарудың тиімділігін арттыру және оңтайландыру арқылы Қоғамның және оның ЕҰ капиталдандыруды арттыру.

2.2.ТБКЖ міндеттері

13. Қоғамның ТБКЖ тобының негізгі міндеттері:

ТБКЖ	«Тау-Кен» Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамының тәуекелді басқару саясаты	6-бет
------	---	-------

- 1) компанияның негізгі стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуге қауіп төндіретін оқиғаларды уақтылы айқындау;
- 2) осындай оқиғалар пайда болған жағдайда олардың әсерін тиімді деңгейге дейін төмендету;
- 3) оқыс жағдайлар кезінде тиімді және жедел әрекет ету және оларды басқару;
- 4) жалпы сенімді ішкі бақылаудың бөлігі болып табылатын тәуекелдерді басқару жөніндегі жүйелі процесті қолдау;
- 5) қызығушылық танытқан тұлғаларға Қоғамның және оның ЕҰ меншікті тәуекелдерін тиімді басқаратындығы туралы жүйелі кепілдік беру.

2.3.ТБКЖ қағидаттары


б) Қордың тәуекелдерін басқару процесінің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- 1) **тұтастық** – тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі бөлігінде Қордың жиынтық тәуекелдерінің элементтерін қарастыру;
- 2) **ашықтық** – тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесіне бөлек не оқшау ретінде қарауға тыйым салу;
- 3) **құрылымдылық** – тәуекелдерді басқарудың жиынтық жүйесінің құрылымы айқын болады;
- 4) **хабардарлық** – тәуекелдерді басқару объективті, шынайы және өзекті ақпараттың болуымен үйлеседі;
- 5) **үздіксіздік** – тәуекелдерді басқару процесі тұрақты негізде жүзеге асырылады;
- 6) **кезеңділік** – тәуекелдерді басқару процесі оның негізгі компонентері тұрақты қайталанып құрылған кезеңді білдіреді.
- 7) **тиімділік** – тәуекелді басқару процесі нәтижелі (мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз ету) және үнемді (ресурстарды тиімді пайдалану) болу керек.

2.4.ТБКЖ процесі

14. Қордағы тәуекелдерді басқару тұрақты, динамикалық және үздіксіз процесс болып табылады және мына сұлбаға сәйкес компоненттерден тұрады:

ТБКЖ	«Тау-Кен» Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамының тәуекелді басқару саясаты	7-бет
------	---	-------



15. **Ішкі орта:** Қордың тәуекелдерге жалпы көзқарасын және тәуекелдерге оның қызметкерлері қалай қарайтынын және қалай әрекет ететінін айқындайды. Ішкі орта тәуекелдерді басқару жүйесінің барлық басқа компоненттері үшін негіз болып табылады және тәуекел-менеджменті философиясын, тәуекелдерге аусарды, басқару органдары тарапынан бақылауды, қызметкерлердің этикалық құндылықтарын, құзыреті мен жауапкершілігін, Қордың құрылымын, оның адами, қаржылық және басқа ресурстарымен айқындалатын мүмкіндіктерін қамтиды.

16. **Мақсаттарды анықтау:** Қоғам қызметінің мақсаттыры стратегиялық деңгейде белгіленеді және операциялық мақсаттарды әзірлеу үшін, есептілік саласындағы мақсаттар үшін және заңнамалық және нормативтік талаптарды сақтау саласындағы мақсаттар үшін негіз болып табылады. Қоғам алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін кері ықпал етуі мүмкін сыртқы және ішкі көздердің тәуекелдеріне ұшырауға бейімді. Тәуекелді басқарудың тәсілдерін тиімді сәйкестендіру, бағалау және әзірлеудің негізгі талаптары Қоғам алдына тиісті мақсаттар қою болып табылады. Қоғамның мақсаттары мен міндеттері Қоғамның тәуекелдер тәбетімен үйлестіріледі.

17. **Тәуекелдерді сәйкестендіру:** Тәуекелді сәйкестендіру, Қоғамның шоғырланған және дербес негіздегі оқиғалар әсеріне ұшырағыштығын анықтау мақсатында жүзеге асырылады. Мұндай оқиғалардың туындауы жоспарланған мақсаттарға қол жеткізу қабілеттілігіне және алған қойылған міндеттерді іске асыруға кері ықпал етуі мүмкін. Тәуекелдерді сәйкестендіру тәуекелдерге шолуды және олардың негізгі сипаттамаларын алу жолымен алға қойылған

ТБКЖ	«Тау-Кен» Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамының тәуекелді басқару саясаты	8-бет
------	---	-------

міндеттерге қол жеткізу бойынша сенімділік деңгейін арттыруға, тәуекелдердің бір-бірімен өзара байланысын, Қоғам тобының және жекелей алғанда ЕҰ тәуекелдер деңгейін таратуға, оларды басқарудың тәуекелдері мен тәсілдері туралы хабардарлықты арттыруға, сондай-ақ назарды барынша маңызды тәуекелдерге шоғырландыруға мүмкіндік жасайды.

18. Тәуекелдерді бағалау: тәуекелдерді бағалау процесі, Қоғам тобының қызметіне және стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге кері ықпал жасауы мүмкін барынша маңызды тәуекелдерді анықтау мақсатында жүргізіледі. Тәуекелдерді іске асырудың ықтималдығын және ықпал жасау мүмкіндігін бағалау тәуекелдер туралы түсінікті дамытуға мүмкіндік жасайды, белгілі бір тәуекелдерді басқару қажеттігі туралы шешімдер қабылдау үшін тиісті ақпараттық базаны, сондай-ақ оларды қысқарту бойынша барынша тиімді және экономикалық тиімді стратегияны ұсынады. Тәуекелдерді бағалау қоғамның тәуекелдер-тәбеті деңгейін сақтауын бақылауға мүмкіндік береді.

19. Тәуекелге ден қою: Тәуекелге ден қою шараларды жүзеге асыру мен өндіру процесі өз кезегінде анықталған тәуекелді Қоғамның рұқсат етілген тәуекел деңгейі мен тәуекел-тәбетіне сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Тәуекелге ден қоюдың негізгі аспаптарының бірі маңызды тәуекел көрсеткіштер болып табылады. Маңызды тәуекел көрсеткіштері тәуекелдің басталғандығы туралы хабарлауға және тәуекелге ден қою бойынша алдын ала шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

20. Бақылау қаражаты немесе бақылау – бұл тәуекелді басқару бойынша шаралардың орындалуын қамтамасыз ететін саясат пен процедура. Бақылау әрекеттері Қоғам тобына кіретін бизнес-процесті ұйымдастырудың барлық деңгейлеріне енгізілген. Бақылау әрекеттеріне мақұлдау, авторизациялау, верификациялау, келісу, операцияны жүргізу талдауы, активтердің қауіпсіздігі мен міндеттерді бөлісу сияқты кең көлемдегі шаралар кіреді.

21. Мониторинг: Қоғам тобында тәуекелді басқару жүйесінің тиімділік мониторингі (қолда бар басқару әдістері мен тәуекелдердерді бақылау құралдары) және қажет болған жағдайда оны түрлендіру мен жетілдіру жүзеге асырылады.

22. ТБКЖ Қоғам қызметінің басқарушылық шешімдерін қабылдау мен күнделікті операцияларына қолдау көрсететін аспап ретінде болады. ТБКЖ стратегиялық жоспарлау, операциялық қызмет, бюджеттік жоспарлау және уәждемелеу жүйесімен кіріктірілген.

23. Тәуекелді басқару процесі, сондай-ақ олардың Қоғамдағы практикалық қолданысын сипаттау Қоғамның тәуекелін басқарудың корпоративті стандарттарында жазылған.

ТБКЖ	«Тау-Кен» Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамының тәуекелді басқару саясаты	9-бет
------	---	-------

2.5.ТБКЖ құрылымы

24. Қоғамдағы ТБКЖ құрылымы бірнеше деңгейлерде көрсетілген шоғырланған тәуекелді басқарумен – Қоғамның тобы, корпоративті орталық және Қоғамның бизнес бірліктері, Қоғамның құрылымдық бөлімшелері немесе жекелеме учаскілерде мамандандырылған жұмысшылар немесе Қоғамдағы жекелеме бөлінген функциялармен – мынадай тәуекелді басқару процесіне қатысушылармен: Қоғамның тәуекелді басқару және Ішкі аудит қызметіне мамандандырылған Директорлар кеңесімен, Басқармамен, тәуекелдер иегерлерімен, құрылымдық бөлімшелермен ұсынылған.

25. Директорлар кеңесі мен Басқарма Қоғам қызметкерлеріне Қоғам қызметінің барлық басқармалық деңгейлерінде және бағыттарында ішкі бақылау мен этикалық нормалардың сақталуын қамтамасыз ететін бақылау ортасын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

26. Директорлар кеңесі Қоғамдағы қолда бар тәуекелді басқару жүйесі мен оны ұйымдастыруға және оның жүзеге асуын бақылауға, оны жетілдіру бойынша шаралар қабылдауға және ТБКЖ тұрақты тиімділігін бағалауды жүзеге асыруға жауапты болады. Директорлар кеңесі сенімді ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру мен оның тиімділігін бағалау үшін тәуекелді-бағытталған амалды қолданады.

27. Басқарма тәуекелді басқару жүйесін іске асыруға және Тәуекелді басқару саясатын енгізуге, оның ішінде тәуекелді басқару процесі мен процедураларын жетілдіруге, ТБКЖ сенімді қызмет етуін қамтамасыз етуге және тәуекелді басқару процесінің мониторингіне жауапты.

28. Қоғамның тәуекелдер иегерлері, өздерінің лауазымдық (функциональдық) міндеттеріне сәйкес тәуекелді сәйкестендіруге, бағалауға және ден қоюға, сондай-ақ Қоғам қызметінің сеніп тапсырылған бағыттарындағы тәуекелді басқару процесін жетілдіруге жауапты.

29. Қоғамда, әдістемелік қамсыздандыруды және жауапты тұлғалардың тәуекелді басқару процедураларын орындау мониторингіне, тәуекел жөніндегі жиынтық есептілігіне, ТБКЖ жетілдіруді қамтамасыз етуңді қоса алғанда ТБКЖ енгізуге және оның қызметін қамтамасыз етуді енгізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға жауапты Басқарма Төрағасына бағынысты арнайы мамандандырылған жеке құрылымдық бөлімше жұмыс атқарады.

30. Қоғамның ішкі аудит қызметі Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін бағалауды жүзеге асырады, директорлар кеңесіне тәуелсіз және нақты ақпаратты, сондай-ақ тәуекелді басқару мәселесі жөніндегі ұсыныстарды Қоғамға ұсынады.

2.6.Қоғам тобындағы тәуекелдерді жіктеу

31. Қордағы тәуекелдерді жіктеу үшін мынадай санаттар қолданылады:

ТБКЖ	«Тау-Кен» Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамының тәуекелді басқару саясаты	10-бет
------	---	--------

1) **Стратегиялық тәуекел** – қызмет және даму стратегиясын айқындау және іске асыру кезіндегі өзгерістердің немесе қателіктердің (кемшіліктердің) салдарынан шығындардың пайда болуы, саяси ортаның, өңірлік конъюнктураның өзгеруі, салалық төмендеу және басқа да жүйелі сипаттағы сыртқы факторлардың тәуекелі;

2) **Қаржылық тәуекелдер** – қосылу мен игерілу бойынша инвестициялық жобаларды, мәмілелерді жүзеге асыруға салынған Қоғамның мүмкін болатын инвестицияларының жоғалуын қамтиды;

3) **Құқықтық тәуекелдер** – Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын, Қазақстан Республикасының резиденттері еместеріне қатысты - басқа мемлекеттердің заңнамаларын, сондай-ақ ішкі ережелер мен рәсімдерді сақтамауы салдарынан шығындардың пайда болу тәуекелдері;

4) **Операциялық тәуекел** – ішкі процестерді жүзеге асыру барысында қызметкерлер тарапынан (персоналдың тәуекелдерін қоса алғанда), ақпараттық жүйелер мен технологиялардың (технологиялық тәуекелдердің), өндірістік қауіпсіздіктің қолданылуы салдарынан, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан жіберілген кемшіліктердің немесе қателіктердің нәтижесінде шығындардың, өндірісте жазатайым оқиғалардың пайда болу тәуекелі.

5) **Қаржылық тәуекелдер** – капитал құрылымына және қаржылық табыстылықтың төмендеуіне байланысты тәуекелдерді қамтиды. Қаржылық тәуекелдер нарықтық тәуекелдерді (пайыздық және валюталық мөлшерлемелердің ауытқуларын, табиғи ресурстардың бағаларындағы ауытқуларды), өтімділік тәуекелдерін, кредиттік тәуекелдерді (корпоративтік контрагенттерге, екінші деңгейдегі банктер және сұраныс болған жағдайда басқа елдерге) қамтиды;

2.7.Қоғамның аусар-тәуекелі

43. Қоғам өзінің мақсаттарына жету үшін өзіне нақты бір тәуекелдерді алып, Қоғамның қабілеті мен тілегін көрсететін өзінің тәуекел-тәбетінің деңгейін анықтайды. Тәуекел-тәбеттің қабылданған деңгейлік көрсеткіші осы деңгейден аспайтын мақсаттағы тәуекелді басқару бойынша іс-шавраларды жүзеге асыру мен негізгі қызмет бойынша одан арғы шешімдерді қабылдау кезінде негізге алынады.

ТБКЖ	«Тау-Кен» Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамының тәуекелді басқару саясаты	11-бет
------	---	--------